

Қала қөшелеріне қайта атау беру және жаңадан атау беру туралы

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі № 998 қаулысы мен Қызылорда қалалық мәслихатының 2011 жылғы 11 сәуірдегі № 42/6 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылды 25 сәуірде № 10-1-173 тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және Қызылорда қалалық ономастикалық комиссиясының 2011 жылғы 30 наурыздағы № 1/1 қорытындысына сәйкес Қызылорда қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қызылорда қаласы мәслихатының 16.07.2013 № 19/5 шешімімен және Қызылорда қаласы әкімдігінің 16.07.2013 № 589 қаулысымен (қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қызылорда қаласындағы Жібек жолы көшесінің оң жағындағы перпендикуляр орналасқан атауы жоқ көше Әли Мұсілімұлы есімімен аталсын.

Ескерту. Орыс тіліндегі мәтінінің 1 тармағына өзгерістер енгізіліп, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - Қызылорда қаласы мәслихатының 16.07.2013 № 19/5 шешімімен және Қызылорда қаласы әкімдігінің 16.07.2013 № 589 қаулысымен (қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қызылорда қаласындағы Петр Артемов көшесінің оң жағындағы параллель орналасқан бірінші көше "Тәуелсіздікке 20 жыл" көшесі болып аталсын.

Ескерту. Орыс тіліндегі мәтінінің 2 тармағына өзгерістер енгізіліп, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - Қызылорда қаласы мәслихатының 16.07.2013 № 19/5 шешімімен және Қызылорда қаласы әкімдігінің 16.07.2013 № 589 қаулысымен (қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қызылорда қаласындағы Александр Фадеев атындағы көше Бибіраба Досмаханова есімімен қайта аталсын.

4. Қызылорда қаласындағы Смағұл Ысқақов көшесіне перпендикуляр, Наурыз көшесіне параллель орналасқан сол жағындағы екінші көше Әмзе Әлжанов есімімен аталсын.

5. Қызылорда қаласындағы Тэльман Эрнест атындағы көше Бәділдә Доскенов есімімен қайта аталсын.

6. Қызылорда қаласындағы "Ақмаржан" мөлтек ауданындағы "Наурыз" көшесіне параллель орналасқан оң жағындағы екінші көше Әбсаттар Қарымсақовтың есімімен аталсын.

7. Қызылорда қаласындағы "Ақмаржан" мөлтек ауданындағы "Наурыз" көшесіне параллель орналасқан оң жағындағы бірінші көше Мұхамедияр Пірімбетов есімімен аталсын.

8. Қызылорда қаласындағы Переездная көшесі Күләндә Әбдіраманова есімімен қайта аталсын.

9. Осы "Қала көшелеріне қайта атау беру және жаңадан атау беру туралы" бірлескен Қызылорда қалалық әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда қалалық мәслихатының шешімінің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Жәлиев Нұрхан Бұхарбайұлына жүктелсін.

Ескерту. Орыс тіліндегі мәтінінің 9 тармағына өзгерістер енгізіліп, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - Қызылорда қаласы мәслихатының 27.09.2012 № 9/2 шешімімен және Қызылорда қаласы әкімдігінің 27.09.2012 № 4548 қаулысымен (шешім мен қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.).

10. Осы бірлескен шешім мен қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихаттың кезекті қырық екінши сессиясының төрағасы

К. САҚТАФАНОВ

Қызылорда қаласы әкімінің міндеттін атқарушы

Е. ТӨРӘЛИЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК